



ТӘУЕЛСІЗДІК: 1992-1993 жылдар

Өткен ғасырдың 80-жылдарының орта шенінде әлем тарихында күтпеген сілкіністерге толы оқиғалар болды. Кеңес империясында М.Горбачев бастаған саяси-экономикалық реформалардан демократияның жылы лебі ескенмен, оның соңы тұтас мемлекеттің іргесі сөгіліп, шапырағы шайқалып, ақырында құлауына әкеп соқты.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Саяси бастамалар тығырыққа тірелді. Экономикада берекесіздік орнады. Дүкен сөрелері қаңырап бос қалды. Одақтас республикаларда ұлттаралық жанжал өрістеді. Кеңес халқы осындай сын сағаттың өзінде, яғни, 1991 жылдың наурыз айында жаңа тұрпаттағы одақты сақтап қалу жөнінде өткізілген референдумда оңды дауыс берді. Халықтың 70 проценті мемлекетті сақтап қалуы қолдады. Бірақ соңғы мүмкіндіктерін сарқа пайдаланған кеңестік элитаның консервативтік бағыттағы шағын тобы бұған қанағаттанбай, ГКЧП бүлігін ұйымдастырды. Бүлік жеңіліс тапты. Демократия үстемдік құрды. Осы оқиға Кеңес Одағының тарқау үдерісін барынша жылдамдасты.

Біз сол кездегі «Ленин жолының» жас буыны барлық әріптестеріміз секілді ғажайып оқиғалардың куәсі болдық. Тарих сахнасынан күллі әлемге өктемдігін жүргізген тұтас мемлекет сырғып кетті. Шын мәнінде, бұл тарихи оқиға еді. Әлбетте, осының барлығы біз үшін эмоциялық сипаттағы қуаныш болғанын кейін түсіндік. Ешкім ешнәрсенің байыбына бара алмады. Сондықтан 70 жыл бойы кеңестік-лениндік-большевиктік идеологияның таптарын саясатымен жүргізілген насихат құралдары ә дегеннен өзінің мазмұнына өзгерте алмады. Іштей қарсылық болды.

2-бет



БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:

жекекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№166
(20240)



28 қазан, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2

Бастамаларды қолдаған бағдарлама



3

Өмір және уақыт



6

«Ұлардың дауысы»



● ПРЕЗИДЕНТ

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының биылғы 9 айдағы қорытындысы баяндалды. Махамбет Досмұхамбетовтің айтуынша,

облыстағы өңдеу өнеркәсібінде, құрылыс, ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнес пен өзге де салаларда өсім байқалады. Аймақ жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, инвестиция және құрылыс жұмыстарының көлемі жағынан республика бойынша бірінші орынға шыққан.

Биыл 19 мыңдай жаңа жұмыс орны ашылған, жұмыспен қамту орталығы арқылы 20864 адам жұмысқа

орналастырылған. Ал бүгінге дейін «Еңбек» бағдарламасы аясында 24348 адам жұмыспен қамтылған. Биылғы 9 айда 4882 пәтерлі 646,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 41,6 пайызға көп.

Мемлекет басшысына «жа-сыл аймақтағы» облыстың эпидемиологиялық ахуалы және вакциналау жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Бұдан бөлек, облыс әкімі экология саласы мен көгалдандыруға қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. 2025 жылға дейін елді мекендерде 540 мың көшет отырғызу жұмыстары басталған.

Сонымен қатар облыс әкімі Президенттің тапсырмасы бойынша Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған

кешенді жоспардың жүзеге асырылу барысы туралы есеп берді. Жоспар жүзінде бекітілген. Бұл маңызды құжат қордаланған проблемаларды шеше отырып, өңірдің дамуына тың серпін берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Махамбет Досмұхамбетовке аймақта атқарылып жатқан жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жолға ақы төлеуге дайынсыз ба?

Үкімет қаулысымен бекітілген инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Аталған бағдарламаға сәйкес 4 жыл ішінде елімізде 11 мың шақырым автожолды ақылы жүйеге ауыстыру жоспарланған. Оның ішінде биыл ақылы жолға айналуы тиіс автобандардың қатарында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің «Қарабұтақ-Қызылорда» және «Қызылорда-Шымкент» жол учаскелері де бар.

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Осыған байланысты жыл басында төлем қабылдау жүйесін енгізу туралы қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, аудандарда, облыс орталығында ұсыныс-пікірлер жинақталды. Мұндай тыңдаулар барлық облыстарда өтті. Қоғамдық тыңдаулар барысында ақылы жүйені енгізудің мақсаты мен артықшылықтары, төлем қабылдау жүйесінің жұмысы және төлем жасаудың түрлері, төлем мөлшерлемелері, төленетін сома мөлшерін есептеу және ақылы автомобиль жолдары туралы қолданыстағы заңнама нормалары талқыланды.

Алайда, бәрі ойдағыдай бола қалған жоқ. Алыс жолға жүк көлігін айдайтын жүргізушілер ақылы жолдардың енгізілуіне қарсылық танытып, наразылық білдірді. Олар «әуелі жолдарды сапалы етіп төсеп, интернет жүргізіп, жолдың екі жақ бетінен үй жануарларынан қорғайтын қоршаулар орнатып, сосын барып ақша талап етсін» деген пікірлерін алға тартты. Жүргізушілерді ашындырған Қазақ жол қатынастары ғылыми-зерттеу институтының «жүк көліктерінен бірінші санаттағы жолдың әрбір шақырымы үшін 37 теңгеден төлеу керек» деген ұсынысы болды. Алайда министрлік өкілдері Үкімет 2013 жылы бекіткен бірінші санаттағы әрбір шақырым жол үшін 25 теңге тариф өзгермейтінін мәлімдеді. Ал екінші санатты жол үшін бекітілетін тариф мөлшері одан төмен болмақ.

Осы орайда бұл мәселеге қатысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың дәлелдемелерін келтірейік. «Еуропадағы халық, автомобиль ағынының тығыздығына қараңыздар, кірісі өте жоғары. Бізде 500 шақырым жолда бірнеше шағын елді мекен бар, қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету өте қиын. Қыста қар басады, техника ондаған шақырым жерге барады. Климаттық жағдай әртүрлі, еліміздің жолдары өте ұзақ, елді мекендер аз және машиналар саны, тығыздығы көптеген елдер-

ге қарағанда әлдеқайда төмен. Сондықтан бұл жағдайлар жолдың табыстылығына өте қатты әсер етеді».

Осы ретте «Жолдар салық төлеушілер есебінен салынған, сол себепті олар нәліктен ақы төлеуге тиіс» деген сұрақ жиі туындайтынын еске салып кеткіміз келеді. Бұған мамандар төмендегідей дәлелдемелер келтіруде: «Еліміз бойынша автомобиль жолдарына жұмсалатын жыл сайынғы шығын көлемі шамамен 400 млрд теңгені құрайды. Ал автожолдардың барлық желісін нормативтік жағдайға келтіру үшін 4,4 трлн теңге қажет екен. Осы орайда ең әділ шешім – төлем жүйесін енгізу. Бұл жүйе «жақсы жолмен жүрген адам ол үшін ақы төлейді» деген ұстанымның дұрыс екенін көрсетеді. Осылайша ең дұрыс шешім ақылы жолдарды енгізу болып отыр».

Дегенмен, министрлік биылғы жылға ақылы жол енгізудің белгіленген мерзімін кейін шегеруге мәжбүр болды. Атап айтқанда, 1 маусымға белгіленген мерзім қараша айына шегерілді. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалы мамандарының айтуы бойынша жақын күндері 1 санаттағы жолдар ақылы жолға айналады. Демек, Қызылорда мен Шымкент аралығында жол жүретіндер төлем жасай бастайтын күндер алыс емес. Ал бұған дейін жоспарланған Қызылорда қаласынан батыс аймаққа шығатын 2 санаттағы жол учаскесін ақылы жолға айналдыру жыл соңына дейін жүзеге асып қалуы ықтимал.

Сөз жоқ, жол құрылысына көп қаржы жұмсалады. Оны күтіп-ұстау да оңай емес. Сол себепті бюджеттен қаржы шығынын азайтудың бір тәсілі – жолды ақылы ету. Дамыған елдерде бұрыннан бар тәжірибеден Қазақстан да тыс қала алмайды. Осылайша 2013 жылдың мамыр айынан бастап ұзындығы 224 шақырымдық «Астана-Шүчінск» автобаны ақылы жолға айналып, бір жылда 800 млн теңгеден астам қаржы түскен.

2-бет



● ЖОЛДАУ және ЖАУАПКЕРШІЛІК



Қоғам салмақты ойлауды ұмытпауы керек

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауында еліміздің оған әрі дамуының басты факторы ретінде ұлттың ұйысуы жайлы тағы да айрықша тоқталды. Оның ішінде жаһандық байланыста өзіндік әлемге айналған «әлемжелі» ғаламтәр арқылы тарап жатқан бей-берекет ақпараттар тасқынының қауіптілігін есімізге салды. Осы тұрғыдан келгенде қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтау баршамыздың міндетіміз әрі парызымыз екені тағы бір нақтылана түсті.

Біз жаһандандыудың қазанында қайнап жатқандықтан онымен күрестуге дәрменіміз жоқ. Ендігі бізге қалғаны – заман талабына сай оған бейімделу ғана. Ғалам мәліметтер ағынынан тұрады және әрбір

құбылыстың немесе болмыстың құндылығы оның мәлімет қорытуға қосатын үлесіне қарай анықталады. Осы уақытқа дейін мәліметтерді интеллектіуалдыққа жетудегі алғашқы қадам деп есептеп, мәліметті – ақпаратқа, ақпаратты – білімге, ал білімді даналыққа айналдыратынына сеніп келеміз. Ал қазір мәліметтердің шектен тыс болуы себепті, оны игеруге шамамыз жете бермеуде. Сондықтан оны ақпаратқа айналдырып үлгірмеудіміз. Қарапайым адамдар үшін ақпараттар жүйесі дегеніміз – айтылған сөз, жазылған мәтін, біреудің пікірі, ойы, пайымы т.б. ғана. Ал мамандар ақпарат жүйесін қоғамдық қатынастар туралы мәлімет жинап, шешім қабылдау мүмкіндіктері деп біледі.

Қазақстанның Конституциясында сөз бостандығына кепілдік берілген. Дегенмен, сөз бостандығы ұғымын дұрыс түсініп, дұрыс пайдалана білуіміз керек. Халық пен билік арасында сенім артуы үшін көп ақпарат еркін айналымда болғаны дұрыс. Сондықтан тым орталықтандырылған билік ақпараттар ағынын да орталықтандыруға күш салады, яғни, барлық мәліметті қорыту бір жерге жинақталады. Бәсекелестік болмайды. Ал барлық шешімді бір ғана орталық қабылдауы көп қиындық туындата-

3-бет

● ИГІЛІК

Тағы бір ауылға табиғи газ жетті

Қызылорда қаласы тұрғындарының «көгілдір отынның» игілігін көре бастағанына биыл 17 жыл. Жалпы, облыста газдандыру жұмысының басталуы – еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі Сыр өңірінің көл жеткізген үлкен жетістіктерінің бірі.

Сб Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

«Ақшабұлақ» кенішінен Қызылорда қаласына ұзындығы 124 шақырымдық газ желісі сонау 2004 жылы тартылды. Облысты газдандыру бағытындағы ауқымды жұмыстардың алғашқы қадамы осылай басталған-ды. Қаламызды табиғи отынға қосу ісі Елбасы тапсырмасына сәйкес, «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасы арқылы жүзеге асты. Келесі жылдың желтоқсан айында «Қызылордажылуорталығы» жанынан газтүрбиалық станса қолданысқа беріліп, облыс орталығындағы бірқатар көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандар «Ақшабұлақ» кенішінен келетін газды тұтына бастады. Кейіннен жалпы ұзындығы 1 143 шақырым болатын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры



6-бет



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Бастамаларды қолдаған бағдарлама

Облыс әкімі Гүлшара Әбілқалықова Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун Ямадамен кездесін, екі ел арасындағы, оның ішінде Сыр елінің дамуы бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды талқылады. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов, тиісті басқарма басшылары және Жапония елінен келген делегаттар аттасе Томоя Ёкоэ мен «Шөп тамыры» халықаралық бағдарламасының үйлестірушісі Акира Мацумото қатысты.



Облыс әкімі аймақтағы білім беру және экология саласындағы бастамалар мен жобаларды іске асыру үшін атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдіріп, Джун Ямадаға Алғыс хат табысталы.

— Қазақстан мен Жапония — ұзақ жылдар бойы ашық және сенімді өзара қарым-қатынас орната білген стратегиялық әріптестер. Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер, сауда-экономикалық қатынастар мен бірлескен мәдени ынтымақтастық — елдеріміз арасындағы тиімді өзара қарым-қатынастың жарқын мысалы. Қазақстан Жапонияның Орталық Азиядағы негізгі әріптестерінің бірі және екіжақты қатынастар жылдар өткен сайын тек кеңеюде.

Достық қарым-қатынастың бір мысалы ретінде Жапония үкіметі біздің еліміздің аумағында жүзеге асырып жатқан «Шөп тамыры» бағдарламасын атап өтуге болады. Әлеуметтік саланы дамыту өңірлік саясаттың аса маңызды басымдығы екені баршаға мәлім. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, сіздерге Қызылорда облысында білім беру және экология саласындағы бастамалар мен жобаларды іске асыруға көмек көрсеткендеріңіз үшін алғысымды білдіремін, — деді облыс әкімі.

«Шөп тамыры» — Жапония Үкіметі «Дамуға ресми көмек» шеңберінде іске асыратын бағдарламалардың бірі. Бұл

бағдарлама үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ жергілікті органдар бастамашылық еткен жобаларға жәрдем көрсетеді. Бүгінде денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және т.б. салалардағы жобалар іске асырылуда. Гранттық көмек жабдық сатып алуға, сондай-ақ мекемелерді жабдықтауға бағытталған.

Кездесуде Джун Ямада көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді. Айта кету керек, Жапония делегациясы Сыр еліне жұмыс сапары барысында облыс орталығындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.



«Nur Otan» партиясы облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясы мен жауапты басқарма өкілдері Қазалы ауданында болды.

Көпір құрылысы – халық игілігі

Олар партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Қызылорда облыстық және Қазалы аудандық Жол карталарында 2022-2023 жылдары орындалуы жоспарланған «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Қукей» автомобиль жолының «Қарлан» учаскесінен Сырдария өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысына зерделеу жұмыстарын жүргізді.

— Салынатын өткелдің жалпы ұзындығы 2,5 шақырым болса, темірбетон көпірінің ұзындығы — 248 метр, ені — 13 метр. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер жолы мен жарық шам-

дар да орнатылатын болады», — дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жоләушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов. Партиялық бақылау комиссиясының өкілдері көпірдің сапалы әрі мерзімінде салынып, қаржысының тиімді жұмсалыуына қатаң мән беру керектігін айтты. Жалпы құны 4,4 млрд теңге болатын көпір құрылысы 2023 жылы аяқталмақ. Өйтеке би кенті мен Қазалы қаласы және 8 елді мекенді байланыстыратын бұл көпір қауіпсіз және тұрақты көлік қатынасы болатын халық игілігіне айналады.



● 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Сыр жастарына құнды сыйлық

Кеше облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Жастар ресурстық орталығында» Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында қазақ тіліне аударылған 100 кітаптың таныстырылымы өтті.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Оған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, ҚР өнер қайраткері ақын Серік Ыдырыс және бір топ жастар қатысты. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың кітапханашысы Назерке Нұрлыбек сөреге қойылған жана кітаптармен таныстырды. Айта кетейік, облыс әкімі Гүлшара Әбілқалықова бұған дейін жастармен кездесуде аталған орталыққа жана кітап бұрышыны ашып, оған 100 жана оқулықты алдырту туралы ұсынысын қабылдаған еді.

— Облыс әкімі жастардың ұсынысын орындады. Жастар орталығына келген «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» — гуманитарлық бағыттағы әлемнің ең жақсы деген оқулықтары. Қазақ тіліне аударылып, елге ұсынылған құнды кітаптар аймақ жастарына да жетті. Себебі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі мақсатының бірі — жастардың білім көкжиегін кеңейтіп, қоғамдық сананың өзгеруіне жол ашу, — деді Мира Қазбекова.



Басқарма басшысы Сыр жастарына құнды оқулықтарды тарту еткен «Ұлттық Аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Руван Кенжеханұлына,

«Кітап құрттары» оқымандар клубының жетекшісі Талғат Меңдібаевқа алғыс білдірді. Шара соңында ол жастарға жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын сыйға тартты.

ТӘУЕЛСІЗДІК: 1992-1993 жылдар

Әлі есімде, 1991 жылдың қараша айында орталық «Известия» газетінде «Жаңа жылдан Ресей федерациясы (ол кезде кеңестік республика деп аталатын) нарыққа көшеді» деген шағын мақала жарияланды. Аздық көпті түсінігіміз бар, экономиканың бұл атауы капиталистік қоғамға ғана тән болатынын білетінім. Бірақ қалың жұртшылық санасы оны қабылдамады. Бір қоғамның екінші қоғамға алмасуы ауыртыпалықтарды, қиыншылықтарды, қарама-қайшылықтарды ала келетінін түсіндірудің қиындығын айтсаңызшы.

Жуырда сол жылдардың газет сандарын парактадым. Сол кездің заман оқиғаларын көз алдына әкеледі. Нарықтың алғашқы жылы, әсіресе, ауыл шаруашылығына ауыр соққы тиді. Салаға еркін бағаның енгізілуін қалың жұртшылық қабылдай алмады. Бірақ осының барлығы қабылдамауға болмайтын өзгерістердің алғашқы белгілері еді.

1992 жылдың қаңтар айында газет тілшісі облыстық агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы Максұт Әбдіразақовпен сұхбат жариялады. Сол сұхбатта бірлестік төрағасы Қызылорданың ет комбинатында 700 тонна ет қордаланып қалғанын, оның сұраныс таппай жатқанын мәлімдеді. Неліктен осылай болды? Осыдан бар болғаны алты ай бұрын дүкен серелерінен табылмайтын өнім енді тұтынушысын таппай жатыр. Бұл сауалдың астарын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Уақыт өзгерді. Енді бұрын мемлекеттің шектеулі бағасымен сатылып келген ет тұтынушыға еркін, яғни, нарықтық бағамен сатылады.

Төраға жағдайдың ушығып тұрғанын былайша сипаттайды. Етті комбинатта осы бағамен ұстап тұру тиімсіз. Өйткені бағаны сұраныс пен ұсыныс реттейтін болғандықтан, оны біршама төмендету қажет сияқты. Алайда төраға тағы бір қиындықтың ушығын сездірді. Қымбатқа түскен өнімді арзан бағаға берген жағдайда сала кәсіпорны шығынға отырады. Шығынды бюджет жабуы керек.

Осы сұхбаттан ұққанымыз, сол Кеңес Одағы тараған 1992 жылы тұтыну нарығында өте қауырт жағдай қалыптасты. Жылдар бойы ет комбинатына малын сойысқа өткізіп келген шаруашылықтар жаңа жылдан бастап еркін баға ұсынды. Бірақ сол еркін бағамен өнімді сатып алуға халық дайын болмай шықты. Қарама-қайшылықтың сыры мынада еді. Шектеулі мемлекет

бағасына үйренген халықтың қолында еркін бағамен өнім сатып алатындай жағдай болған жоқ. Дұрысы, олардың қалтасы көтермейтін.

Агроөнеркәсіп саласының төрағасы сұхбатқа базардағы нарық біздің сатып алу қабілетімізді айқындайтынын, ал оны сұраныс пен ұсыныс реттейтінін айтты. Сол заманның ерекшелігі, бағаның неден, қалай қалыптасатыны әлі де беймәлім. Тілші төрағаға «Халыққа сатылатын еттің бағасы неліктен 50 рубль, бұл баға қайдан шыққан, неге негізделген?» деген сауал тастайды.

Төраға шаруашылықтан сатып алынатын сиыр етінің әрбір кезеңі бойынша бағасы өзгеріп, оның соңғы құны қалыптасатынын айтады. Бірінен біріне өткен тізбек бойынша баға көтеріле береді. Ет комбинатынан «Мясомолторгке» дейін, одан әрі сауда бірлестігіне, кейін дүкен сересіне, осылайша тұтынушыға жеткенше қолдан-қолға өтеді. Баға өсудің сыры осында. Ал осындай тізбекті қысқартуға бола ма? Сол кездің мазмұн-сипатынан болар, сауалдың жауабы күрделі. Қысқасы, ешкім дайын несібеден айырылғысы келмейді. Әлгі өндірістік-технологиялық тізбекті қысқарту — жұмыссыздықты туғызды. Ал бұл — әлеуметтік сипаттағы мемлекет үшін апат!

Сұхбат барысында біз сол уақыттың ауыр сипатын көз алдымызға әкелгендей болдық. Бұл жалғыз Қазақстандағы ғана емес, бүкіл ТМД елдерінде ортақ жағдай болатын. Сол жылы Қазақстан Президенті өнеркәсіп пен ауылшаруашылық кәсіпорындарының рентабельділігін барлығына ортақ — 50 процент деңгейінен асырмау жөнінде ұсыныс айтты. Себебі сол уақытта ауыл шаруашылығы өндірісінің техника бағасы мен мал өнімдері бағасының арасында жер мен көктей айырмашылық қалыптасқан еді. Біз сұхбат алған уақытта облыста ірі қара өсіретін 88 шаруашылықтың 47-сі, қой шаруашылығымен айналысатын 67 шаруашылықтың жартысынан астамы шығынмен жұмыс істейді екен. Тіліші «Біз ендігі жерде нарыққа бет бұрдық, алдағы ахуалымыз қандай болады?» деген сауалды алға тартады.

Ұзақ жылдар бойы шаруашылық басқарған маман бұл сауалға барлығы жалпаулықтың, немкеттіліктің салдары деп жауап берді. Оған қымқырып, жымқырып кетуге дайын тұратын зиянды психологияны қосыңыз. Әйтпесе, қартоп тұқымының әрбір келісін 2 рубльден сатып алып, сол өнімді ала алмауымыз неліктен?

Екінші мәселе. Бізде ауыл шаруашылығындағы жұмыстың дені қолмен атқарылады. Бұл — өзіндік құнның қымбат болуының екінші себебі. Ауыл шаруашылығын жекешелендіру барысында әр әкім өз жауапкершілігін арттырады деген сенімдемін. Өзін-өзі алдап, өз өнімін өзі жымқырып жатса, не болғаны? Нарық оған жол бермейді.

Иә, жоспарлы экономикадан нарыққа өткен ауыр жылы ел осындай қиындыққа душар болды. Көптеген шаруашылықтар тарады. Жекешелендірілді. Міне, солардың ауыр бастамасы 1993 жылдан басталғанын атап өткіміз келеді. Газет сол уақытта қиын заманның өтпелі кезеңін жиі жазды. Бірақ мақалалардың көпшілігінде нарық заманының күрделілігін сипаттау кемшін болғанын атап өткіміз келеді.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген экономист, соғыс және еңбек ардагері Бименді Баймаханов редакцияға жиі келуші еді. Бір келісінде «Бюджет қалай қалыптасуда?» деген мақаласын әкеліп тапсырды. Өткір сыныға құрылған мақаланы 1992 жылғы 14 наурызда жариялауға тура келді. «Абылайдан бастап аруақ жағалап, еске алып жатқан атабабадан бізге артылғаны — жер. Бұл — аса

байлық. Сол ата-бабалардың қанымен қорғалған байлықты аздырмай-тоздырмай келешек ұрпаққа жеткізу — қазіргі қазақ ұлтының парызы. Осыны аздырып-тоздырып, тапқан пайда, жинаған абырой — келешек ұрпаққа қиянат әрі қорлау болмақ» дейді қаржыгер-ардагер. 30 жыл өтсе де, бұл мәселе әлі өзегін жоймапты. Шындыққа жақын жүретін ардагер одан әрі «ондаған жылдар бойы орталық нарықты, етің мен майыңды тегін жеп, сені доташыға арқандап, өзіңді мәнүртті етіп, жеріңді, суыңды ластады» деп нағызды.

Қаржыгер маман сол жылдардағы бюджеттің жағдайынан мәлімет береді. «Салықтың түрін көбейткенше халыққа шындықты ашық айтып, 95 млрд (республиканың 1992 жылғы бюджеті) сомдық бюджетті 50-60 млрд сомға дейін қысқартудың шараларын неге белгілемейміз? Ол үшін өнімсіз шығынға, ысырапқа қатаң тосқауыл қойып, қаржы тәртібін нығайту керек. Өндіріс, сауда орындарының шамадан тыс баға өсіруіне қатаң тыйым салып, сауданы, бағаны бетімен жіберуді тез арада тоқтату керек. Өндіріс, сауда, т.б. орындар түгелдей мемлекеттік меншікте тұрғанда, бұл тек



қана бағаны бетімен жіберу емес, бұл — бүкіл елді, нақтырақ айтсақ, мемлекетті бетімен жіберу деген сөз» дейді ол.

«Шикізатты, етті, майды, астықты бұрынғы Одақ тегін алып келді деп, қақсағанымызға бірнеше жыл болды. Байлық жеткілікті. Бұрынғы Одақ халқы санының 6 процентін құрайтын Қазақстан — хромиттің 90, барлық түсті металдардың 50 процентін, ауылшаруашылық өнімдерінің төрттен бірін бере отырып, шет елдермен (ТМД-ны қосқанда) сауда-саттық көлемі қазіргі ағаш ақшаның өзімен неге теріс баланс (6 млрд сом) береді? Бұрын айтылып жүргеніндей, Қазақстан өзі дүниежүзілік бағамен түсті металды сатса, 40-50 млрд доллар, мұнай, көмір, темірден 20 млрд доллар, ауыл шаруашылығы өнімдерінен 5-10 млрд доллар табар еді дегеннің бәрі бос сөз болғаны ма?» дейді автор тағы да.

Шындығында, ақсақал сөз етіп отырған 1992 жыл ауыр кезең еді. Бірақ жоспарды жүйенің шекпеннен шығып, әлеуметтік ортада тәрбиеленген кеңестік психология олардың тәзімін тауысты. Қолдарына қалам алғзыып, батыл ой айтуға итермеледі. Бірақ ескінің жаңамен күресі қай дәуірде оңай болыпты?! Менің пайымдауымша, осы қарсыласу кейінгі 15-20 жылға дейін созылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол уақыттың сипатына тән төтенше оқиғалар болды. Солардың бірі Сексеуіл локомотив депосына қатысты жағдай еді. Пикеттер ұйымдастырды. Теміржол қозғалысын тоқтатамыз деген талаптары болды. 1993 жылдың 21 қыркүйегінде газетте жарияланған «Сексеуілде не болды?» атты мақалада егжей-тегжейлі баяндалды. Осындай оқиғалар сол уақыттың сипатына тән болатын. Сонымен бірге Қызылорда қаласындағы такси паркінде болған ұжымдық текетірес газет назарынан тыс қалмады. Жалпы алғанда, 1992-1993 жылдардағы кезеңде осы тақылеттес оқиғалар жиі орын алды.

1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақстанның Ұлттық валютасы — теңге өмірге енді. Осыған орай, үкімет өз қаулысымен тұтыну тауарлары мен халыққа көрсетілетін қызмет түрлерінің бағалары мен тарифтеріне шектеу енгізді.

Тенгенің енгізілуі Қазақстан тәуелсіздігінің айшықты символына айналды. Еліміз саяси жағынан тұғырын бекемдеп алды. Алайда 1993 жыл біз үшін алаңдаушылығы басым, сындарлы сәтінген күдігі мол кезең ретінде есте қалды.

Жолға ақы төлеуге дайынсыз ба?

Бүгінгі таңда елімізде «Нұр-Сұлтан-Шүчінск», «Нұр-Сұлтан-Теміртау», «Алматы-Қапшағай» және «Алматы-Қорғас» аралығында барлығы 682 шақырым болатын жол ақылы жүйеде жұмыс істейді. Өткен жылы осы жолдарды пайдалану нәтижесінде 5 млрд теңгеден астам қаржы түсті. Бұл қаржы жол учаскелерін жөндеуге, оны жақсы жағдайда ұстап тұруға, сервистік қызметтерді жақсартуға, басқа да игіліктерді жасауға жұмсалды.

Ақылы жүйені енгізу жолдарда жүргізушілер мен жолаушылардың қауіпсіздігін және жайлылығын қамтамасыз етуге, жол апатын азайтуға, инфрақұрылымның дамуына ықпал ететін болады. Барлық төлем жүйесі енгізілген автожол учаскелерінде міндетті түрде жарықтандыру, үй жануарларының жолға шығып кетпеуі үшін қоршаулар, сондай-ақ, түнгі уақытта жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы белгілер мен катафоттар орнатылады. Ал, мониторинг жүргізудің заманауи smart-жүйесі жолдағы көліктердің легі мен жылдамдығын бақылайды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақылы учаскелерде тәулік бойы патрульдеу жүргізіледі. Жол қызметтері жолдың жай-күйін тексереді, жиегін тазалайды және төтенше жағдай кезінде жедел көмек көрсетеді. Міне, өткізіліп жатқан қоғамдық тыңдауларда ақылы жол енгізудің осындай артықшылықтары мен қажеттіліктері жеткізілуде.

Ақылы жолдардың төлем жүйесіне қатысты тағы бір жаңалықты айта кеткен жөн. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ бірлесіп төлем аудың «ашық жүйесін» енгізу туралы шешім қабылдады. Автокөліктердің жүріп өткен жолы туралы ақпарат аркаларда орналасқан арнайы камералар арқылы тіркеледі. Төлем автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөміріне бірқатар әдістер арқылы жасалады. Сондай-ақ, төлемкемі мен автокөлік туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін арнайы белгілерді жапсыру да көзделген.

«Ашық жүйенің» басты артықшылығы — шлагбаумдар болмайды, яғни, төлем жасау үшін пайда болатын кептелістер орын алмайды. Бұл уақыттегі үздіксіз қозғалысты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, ашық жүйе адамдардың жауапкершілігін де қажет етеді.

Егер ақмлы жолмен жүріп өткені үшін қарыз жиналып, ол ұзақ уақыт төленбеген болса, көлік жүргізушілеріне ескерте- ны хаттар жолданады. Ескертпелер еленбеген жағдайда айыппұл салынады. Уақыттылы төлем мен ақылы жолмен жүріп өткеннен кейінгі жасалған төлем мөлшерлемесінде де айырмашылықтар бар. Бұл — жүргізушілерді алдын ала немесе уақыттылы төлем жасауға талпындыру мақсатында қолданылатын әдіс.

Қазіргі таңда төлемді уақыттылы жасамай, қарыздарын өтемеген азаматтарға байланысты қолданылатын шаралар мәселесі талқылануда. Жауапты министрлікте мұндай жүргізушілерге автокөлікті сату- сатып алуға, есепшоттарына шектеу қою, шетелге шығуға рұқсат бермеу іспетті шара қолдану ойластырылуда. Осы арқылы азаматтардың жауапкершілігіне, қоғамдық санаға әсер ету көзделген.

Сонымен қатар, қолданылатын жеңілдіктердің қатарын толықтыру мәселесі де назарға алынған. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңестірілген азаматтарды, мүмкіндігі шектеулі жандарды төлемқылдан босату туралы өзгерістер қайта қарастырылады.



Қоғам салмақты ойлауды ұмытпауы керек

Өйткені бұл саяси институттар технологиядан гөрі саясат алдыңғы қатарда тұрғанда пайда болған. Саясаткер мен сайлаушылар өткен ғасырларда өнеркәсіп дамуының алдында болып бағыттап отырды.

Ал қазір технология революция жасап, саяси прогресстерден әлдеқайда алға шықты. Осыдан біршама жыл бұрын интернеттің күшейгендігін көпшілік сезінген жоқ. Бүгінде интернет адамның жеке өмірінен бастап мемлекеттің егемендігіне дейінгі ұстанымдарға әсер ете алатын еркін, заңмен реттеуге келе бермейтін ортаға айналып жоспар жасасақ, бүгін биотехнологиялар мен супер компьютерлер шешім қабылдауымызға араласуда.

Технология қарқынмен өзгерту үшін ештеңе істей алмайтынмызды мамандар қазірден айтып жүр. Жеке өмірімізге қолсұғушылықтан сақтау тым қиынға түседі. Яғни, біздің онлайн-әркеттеріміз өзіміздің құпиялығмызға жиі қауіп төндіреді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, жана технологиялар адамның мінез-құлқын және әлеуметтік құрылымдарды қауіпсіздікте ұлкен күшке не. Өркіасымыз қолымыздағы техникаға қалай әсер етеміз, ал ол бізге қалай әсер ете алатын билуге тиіс дәуірде өмір кешудеміз. Интернетті біреулер күнкөріс құралына айналырға, енді біреулер өздерін танытуға, мойындатуға, т.б. үшін пайдаланады. Таныту мен мойындату өзінің біліктілігі мен білімділігі арқылы жүріп, қоғамға өз пайдасын тигізсе жақсы. Кейбір азаматтардың жағанынан оның ішкі дүниесінің деңгейін анық байқаймыз. Смартфон, гаджеттер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған уақытта «ашықтық», «еркін ой айтудың» жөні осы екен деп әрбір сөздің сұрауы бар екенін ұмытып кетіп жатамыз. Нәтижесінде «жел сөзді шың сөзге» айналырармын деп біреудің құқықтық мәртебесіне көп сұғамыз. Бұл үшін дамыған демократиялық елдерде жауапкершілік өте ауыр.

Елімізде әрбір азамат өз пікірін, көзқарасын, ұсынысын білдіруге құқылы. Қазақ халқы кеңестік кезінде тіл байланып, қол-аяғы тұсалап, еркін ой білдіре алмау кезеңін басынан өткерді. Енді, сөз бостандығын пайдалана білу, еркін сөйлеу процестерінен тәжірибе жинақтаудамыз. Сөзді ауыздықтауға күннен-күнге дамып келе жатқан ақпарат тарату технологиясы жол бермейді. Компьютер ғылымында аз ғана өзгерістің өзі қоғамға зор әсер етуде. Жеке адамдардың ақпарат айналымында көзқарас білдіруі тым шарықтап барады. Қазіргі кезде адамдардың әлеуметтік желіге мәліметті қорытып, қоғамға қажетті ақпарат ретінде емес, «шикізат» ретінде ұсынуы өзара тартысты түсінуде. Осыны реттеудің бір жолы ретінде ресми және бейресми мәлімет дегенді қолданып жүріміз.

Әлеуметтік желілер – интернеттегі ең тартымды орталардың бірі. Әлеуметтік желі де өзара байланыс құралы ретінде басталса, қазір олар өз ісін нәтижесінен хабар беріп мәлімет алмастыру, көзқарасын білдіру, т.б үшін кейбір азаматтардың кенесіне айналды. Сана-сезім деңгейі әр ортада әртүрлі. Өріне, ой-пікірді айтуды тежеу, ойлауды да тейейтін сияқты. Ойлау қабілетін тежеу адамның рухани дамуына кесірін тигізеді. Іштегі жиналған ойды шығарып тұрмаса, ол да көніріп бұзылуы ықтимал. Жана ойға, идеяға орын керек. Бізге керекі сөз тастауы емес, ойға – ой, идеяға ике қосу болуы керек. Ітпен ит таласасы, ал адамдар ой жарыстырады. Қазір бір-бірімізді қаралайтын емес, бір-бірімізді алға ұмтылуға ынталандыратын уақыт.

Ата Заңымызда: «Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс» деп көрсетілген. Бұл бар әрбір адамнан өзінің құқығымен бірге екінші бір жақтың алдындағы жауаптылықты да талап етеді. Ашықтықты пайдалану «ащы шындықты» айтмайын деп, жалпыға бірдей ортақ мәдениетті, жеке бас әдебі, этиканы, ар-ұятты ұмытуға есте болмайды. Шындықты мен ғана айтпайын деп біреулердің көзқарасына, қызметіне, лауазымына, намысына, әр-ожданына тиісуге, нақтыланбаған мәліметті таратуға жол берілмейді. Ол үшін заң алдында жауаптылық туындайды.

Әлеуметтік желі адамның бойында демонстративті мінез-құлқының

пайда болуына әкелуде. Желі арқылы үлкен мен жас, еркек пен әйел айтысып, жастардың кейбір өкілдері үлкендердің жағасынан алып жатады. Дәстүр бойынша еркектің алдын кесіп өтпейтін әйелдердің кейбірі бүгін басын демей, үлкен демей, ер кісі демей беттен алуға дайын тұрады. Қазақта ондайларды «көргенсіз» дейтін. Өте ауыр сөз. Бүкіл әулеттің сүйегіне таңба түсіретін сөз. Қоғамда күнделікті кездесетін әртүрлі жағдайларға мамандығы келмейтін, білімі өтпейтін, тәжірибесі жетпейтін кейбір бауырларымыз көпірме сөзбен араласа береді, сұрақтар қояды. Ал оған берілген жауап қызықтырмайды. Оларға тек өзін көрсету ғана керек болады және өзінің кәсібі маман алдында кім болып көрінгенін де ойлай бермейді.

Біз бүгін «коронавирус» індетімен күресті алдыңғы қатарға шығардық. Бұнын уақыты өтер. Ал әлеуметтік желіге тәуелділік те көп тараған эпидемияның біріне айналып үлгерді. Бұл әлі күшеймесе, бәсеңдемейді. Өйткені әлеуметтік желілерді жасаушы алпауыттар оны үнемі дамытып, жаңғыртып отырады. Соның «қызығымен» тәуелділікке ұшыраған адам депрессияға ұшырауы лезде-ак.

Сондықтан, біз алдымен өз «нәпсімізді» тыйып, ақпарат көздерін пайдалануды саналы түрде шектей білуіміз керек. Бұрын жаман әдеті жоқ деп спирттік ішімдікті ішу, темекі шегу сияқты әдеттен ала адамдарды айтатын. Енді әлеуметтік желіге байланып, өз уақытын текке өткізетін адам емес пе деп қарайтын болармыз. Себебі, ондай адамдар виртуальды өмірдің қиялында жүріп, шынайы өмірдің заңдылықтарын түсінбей, жұмысқа келергі келтіруі ықтимал немесе отбасының берекесін келтіруі мүмкін.

Әлеуметтік желідегі ақпараттың шынайылығын анықтап жатпай пікір жазып байбалам салу, басшыларға үндеу жасау арқылы қоғамды бұзушылық, өсек-аян мен жала жабу сияқты күнәларға кездесеміз. Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресінің 6-аятында: «Егер пасық адам хабар алып келсе, оны анықтап алыңдар. Әйтпесе білмей бір елге кесіріңдер тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер» делінген.

Қазақ аталарымызда «Біреуге жала жаппа, наласына қаласың. Ол өзінің алдынан немесе ұрпағының алдынан шығады» деп үнемі ескертіп отыраған.

Менің қалаймын жұмысым депрессия, құдалау тастауына қатысты. Сол кездегі «сөз тасушылардың» қызғаныш, күншілдігі мен жала жабуы арқылы көптеген зиялыларымыздың жазаланғанымен таныспын. Ол кезде қазақтың білдімдерін, іскерлерін, халықты соңына ерте алатын тобын құрту керек болды. Соған өзімізді пайдаланды.

Ал қазіргі «ойбай анау аяны бұлдірді, мынаны құртты, анау қылмыскер, мынау нашар, т.б» деп байбалам-шылдық, арандатушылық, т.б іс-әрекет жасап жүрген бауырларымыз туралы не ойлауға болады? Кеңес кезінде де, тәуелсіздік кезінде де қаншама «арыз-қойларды» білетін едік. Арыз арқылы қорқытып-үркітіп соғым жегенді де, баласын оқытып, жұмысқа тұрғызғанды да, кішігірім атакты иеленгендерді де кездестіріп келеміз. Алайда, солардың ұрпақтарының қоғам алдында «жарқырап» жүргенін өте сирек байқаймыз. Менде көптеген посттардың мотіндері жиналды. Тек қана негативті көретін адамдардың отбасындағы тәрбиенің нәтижесі ойландырады.

Он екінші ғасырдағы шығыс данышпандарының бірі имам Ғазали: «Біреулер бар біледі және олар білетіндерін өздері де біледі. Бұлар – ғалымдар, ізінен еріндер. Екінші біреулер бар көп нәрсе біледі. Бірақ та білетіндерін өздері білмейді. Олар ұйықтап жүргендер. Отыңдар ондайларды. Үшіншілер білмейді көп нәрсені, бірақ білмейтіндерін біледі. Олар – аласып жүргендер. Ондайларға жол көрсетіп жіберіңдер. Төртіншілері ештеңе жарытып білмейді. Өкініштісі, білмейтіндерін өздері білмейді. Бұлар залымдар. Ондайлардан қашыңдар».

Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының болім басшысы Думан Сайфулланов пікірінше, «Сөйлесу, әрбір адамнан өзінің құқығымен бірге екінші бір жақтың алдындағы жауаптылықты да талап етеді. Ашықтықты пайдалану «ащы шындықты» айтмайын деп, жалпыға бірдей ортақ мәдениетті, жеке бас әдебі, этиканы, ар-ұятты ұмытуға есте болмайды. Шындықты мен ғана айтпайын деп біреулердің көзқарасына, қызметіне, лауазымына, намысына, әр-ожданына тиісуге, нақтыланбаған мәліметті таратуға жол берілмейді. Ол үшін заң алдында жауаптылық туындайды.

Әлеуметтік желі адамның бойында демонстративті мінез-құлқының

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат хатшысы



– Қазақстан Жазушылар одағының тарихы туралы, ең алдымен, не айтуға болады?

– Қазақстанда болышевтік диктатура толық орнағанын кейін, еркін ойды, ұлт мүддесін көздеген газет-журналдар шетінен жабылған соң, 1920 жылы ұлт көсемі Олихан Бөкейханұлы өзінің үзегіне әріптестеріне «Не балаларға сабақ беріп, не жорналға, не газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не казак тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» деп үндеу тастаған еді.

1923 жылы ақын Мағжан Жұмабаевты Түркістан Республикасының басшылары Мәскеуге В.Брюсовтың Жоғарғы Әдебиет мектебіне оқуға жібереді. Ол сондағы әдеби ортамен таныса келе, 1924 жылы Мәскеуде «Алқа» атты қоғамдық әдеби-мәдени шығармашылық ұйым құрмақшы болып, 16 дана қолжазба бағдарламасын таратады. Мағжанның бастамасын Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Сәдуақасов, С.Кожанов, С.Донентаев, Е.Омаров, т.б. қолдап, ақыл-кенестерін беріп, бас-көз болады. Бағдарламада «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында да бір жол, алдында мың жол бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың торабына алып келіп, анықтырып тұрған – тұрмыс» деген сөздер жазылған. Одан әрі «Түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайып болмасын. Негізгі бағытымыз төңкеріс арқылы ортақшылдық», – деп келіп, «Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бірталай айырма бар. Ұлттық әдебиет өз соқпағымен жүріп кетерек» деп жазған. С.Сәдуақасов бұл бағдарламаны «Еңбекші қазақ» газетіне жарияламасақ болған екен. Бірақ, НКВД тіркетуіне тыйым салып, оның ұйымдастырушыларын кейіннен шетінен қуғынға ұшыратқан. Олардың бәрі де жазықсыз жазалауға тап болып, қамалып, атылып кетті. Дегенмен, ұлт мүддесін көздеген «Алқа» бағытының көрегендігін әдебиет тарихы толық дәлелдеді.

Дәл сол тұста Қазақстанда 1925 жылы 18 маусымда РКП(б) ОК-ның «Көркем әдебиет сала-сындағы партияның саясаты» атты қаулысы шығады да, артында Қазақ өлкелік партия комитеті 12-шілдедегі өз шешімімен Қазақ пролетар жазушылары ассоциациясын құрып, оны басқаруға Сәкен Сейфуллинді тағайындайды. Бұл заңды құрылған алғашқы жазушылар ұйымы еді.

– 1932 жылы БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің қаулысымен ҚазаАПП тарауымен, жазушылардың жана ұйымдастыру комитеті құрылды, төрағасы болып ақын Лияз Жәнсүгіров тағайындалды...

– Бұл комитет екі жыл айналысып, 1934 жылғы 12-18 маусым аралығында Ресей жазушыларына да озып, олардан 3 ай бұрын Қазақ жазушыларының І съезін өткізді. Құрылтайды С.Сейфуллин кіріспе сөзбен ашып, 5 баяндама тыңдалып, 6 күн бойы жарысқас болып, жиналғандар жазушылар ұйымын құру мәселесін талқылайды. Қорытындысында, Қазақ совет Жазушылар одағы құрылып, басқарманың тұңғыш төрағасы болып Лияз Жәнсүгіров сайланады. Жазушылар одағы өз жұмысын бастап, кеңестік әдебиет жасауға белсене кірісіп кетті. «Қазақ әдебиеті» газеті ашылып, оған алдымен Ғабит Мүсірепов бас редактор болып тағайындалды, бірнеше жылдан кейін оны Беймбет Майлин ауыстырды. Бірақ, көп ұзамай алайда да бұлайға заман басталып, үш бәйтерек – үш достың ушеуі де депрессияға ұшырап, атылып кетті.

– Жалпы, Қазақстан жазушыларының ат төбеліндегі азғантай қатары сол жылдарда қатты сирегенін тарихтан білеміз. Осы тұста басқа төнген сол бір сұрапыл заманның сырын ашықсырап айтыңызшы...

– Қаранғы түнде қара машина келіп, шетінен ұстап әкеліп жатқанын тарихи құжаттардан жақсы білеміз. «Беймбет жау болса, мен де жамын» деп тайсалмай сөйлеген Ғабит Мүсірепов ғайыптан тайып, аман қалды. Партиядан қуылып, салы суға кетіп, үйіне келіп, ҚОН-нан қалған маузерін оқтап, атылып өлмек болып, өмірмен қоттасып отырған Сәбит Мұқановтың ұйықтап жатқан Арыстан деген сәби ұлы кенет «шыр» етіп жылағанда, қолынан тапаншасы түсіп кетіп, бесікке тұра жүгіреді. Ал танертеніне Орталық Комитет Сталиннің тұған күніне баяндама жазуға тапсырма беріп, қаламгерге өлудің қажеті болмай қалады.

– Жазықсыз жазалаулар мен қуғын-сүргіндер екінің Дүниежүзілік соғыстан кейін де толастамады ғой...

– 1951 жылы тарихшылар Нұрмұхан Бекмаханов пен Бек Сүлейменов ұзақ жылдарға сотталған кезде, әдебиет зерттеушілері Есмағамбет Ысмайылов пен Қайым Мұхаметханов «Абайды мектепте оқытуда жіберген ұлтшылдық қателіктері үшін» қамалып, ітжекенге айдалды. Осы тұста соғыстан бұрын жазған «Батыр Науан» поэмасы үшін айыпталған Қалижан Бекхожин Мұхтар Әуезовтің ақынның Түркіменстанға қашып кетіп, бірнеше жыл бой тасаланды. Ал Әуезовтің өзі бас сауғалап, елден көтуге мәжбүр болып, Мәскеуден қорғанып, пана тапты. Сөйтіп, МГУ-да сабақ беріп жүрген Әуезовті бір заманда Мағжан оқыған, кейінірек Тайжаев оқыған, кейіннен Олжас, Мұқағали да, одан беріде біз де дәріс алған Әдебиет институтының тыңдаушысы Айтматов іздеп барып жолығып, «Жәміл» атты шығармасын оқытады. Сөйтіп, ұлы ұстаздың алқауымен әлемдік айдыңға жолы ашылады. Көп жылдардан кейін атак-даңқы әбден өрлеп тұрған кезінде Шыңғыс Айтматов ұстазы Әуезовтің цензура тыйым салған «Қылы заман» шығармасын ақтап жазып, жарыққа шығарады.

– Міне, бұлар – біздің әдебиетіміздің тарихына қатысты нақты деректер. Ал, Сіз қарашадайыңыздан ел өміріндегі әлеуметтік үлкен істерге батыл араласа бастағаныңызды ел жақсы біледі. Енді осы жайлы көкейіңізде жүрген екі елі шықпаған нақты айғақтар жөнінде не айтасыз?

– 1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағында Азия-Африка жазушыларының V конференциясы қалай өткеніне жас болсақ та есімде. Аса үлкен халықаралық шараны Әнуар Жолжанов, Олжас Сүлейменов, Шерхан Мұртаза ағаларымыз қалай ұйымдастырып жүргенін өз көзімнен көріп, Қазақстан мен Қазақстанның аты сол тұста екі континентті қатар жаңғыртып тұрды. Бұл да – біздің Жазушылар одағының тарихы!

Осы Пленумда отырған Алаштың аса көрнекті ақыны Темірхан Медетбектің айтуынша, ол Маңғыстауда жүргенінде редакция жұмысымен жергілікті түрмеге кіреді. Сонда бір бұрышта уәлі жатқан кітаптарды көреді. Қараса – Олжас Сүлейменовтің «Азиясы» екен. «Түрмеге адам қамағанды талай көрсем де, кітап қамағанды бірінші рет көрдім» дейді «Көк түріктер сарынының» жырышы.

Желтоқсан оқиғасынан ке-

ӨМІР ЖӘНЕ УАҚЫТ



Жиырмамыншы ғасырды академик, сыншы Рымғали Нұрғалиев «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп бекер атамаса керек. Ендеше, XIX ғасырды данышпан Абайдың бергені үшін ғана «Ғауһар ғасыр» деп атауға болар еді. Өйткені, Абай болмаса одан бергі «Алтын ғасыр» қайда болсын?!» дейді бүгінгі біздің сұхбаттасушымыз.

85 жыл – тарих үшін азғантай уақыт болғанымен, сол жылдар бойы көз майын тауысып, саусағы майысып қалам тартқан құлді жанкешті жазушылардың еңбектерін саралап, баға беріп шығу үшін баяндамашыға сегіз сағат та жетпес еді. Сондықтан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулетпен сұхбатта Жазушылар одағының тарихындағы ең басты кезеңдерге ғана тоқталуды жөн көрдік.

йін Жумағали Ысмағұлов, Бейбіт Қойшыбаев, Мейірхан Ақдәулетов, Дәлелбек Батыр, Аманғазы Көрпінжанов, т.б. қаламгерлер жұмыстан қуылып, тергеліп, республикада репрессиялар өрішіп тұрған кезде Жазушылар одағына кездесуге қол-бін келді. Мәскеудің қаһарынан қантар тоңып, партияның қылышынан қаны тамып тұрған кез. Сонда қаймықпастан, қаһарлана қарсы сөйлеп, дүлейдің бетін қайтарған алдымен Жұбан Молдағалиев, екінші жолы Сафуан Шаймерденов ағалар болды.

«Мен – қазақтың» поэмасының авторы мен Битабар палуанды тірілген қаламгер ағалар осы тайсалмас мінездерімен нағыз жазушының азаматтық позициясы қандай болуы керектігі жөнінде кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп кетті.

Темірхан Медетбек «Шекарадағы торғайлар» өлеңі үшін Қазақстан басшыларының қырына іліксе, Бақытжан Қанапиянов көстіділік жөнінде жазған өлеңі үшін Кремльдің көріне шалынып, Өзбекәлі Жәнібековтің арнаулауымен аман қалды. Ал Есенғали Раушановтың «Қарабауыр қасқалдық», «Желтоқсан» өлеңдері, Нұржан Қуантайұлының «Қараөзек» романы, т.б. шығармалар дер кезінде жазылғандықтан да, сол көтерілістің көрініс-айнасы болып қалды.

– Мейінесе, Мұхтар Шахановтың Арал қозғалысын, Олжас Сүлейменовтің Жазушылар одағында халықаралық антидирольдік «Невада-Семей» қозғалысын қалай құрғаны Сіздің көз алдыңыздан әлі кеткен жоқ. Бұл тұста қазақтың осы екі қайраткер тұлғасына қолғабысқа жарап қалған кезіңіз еді ғой...

– Дұрыс айтасыз. Қайнаған өмірдің қат-қарсаңында бұл шешім, білек сыбаңа жүруге, батыл қайрат көрсетуге тура келді. Заман ағымы солай болды. Қазір, міне, мұның бәрі – біздің Жазушылар одағының тарихы, біздің қазақ әдебиетінің тарихы! Бұртартпайтын таза өмір.

– Осы тұста тағы бір сауал көккіме келіп тіреліп тұр. Көленкесінен қатты қорқатын, жан-жағына қарағыштан, өзіне де, өзгеге де сенбейтін адамдар болады. Ондайды көзіміз көбіне көріп те жүр. Шыдамы таусылған, жан-жағына көп жалтақтайды. Бойын үрей біледі. Менің байқауымша, Сіздің мінезіңіз ашық, көңіліңіз ақ адамсыз, ой-пікіріңіз бетке тура айтасыз. Осындай адалдықтың, тазалықтың кесірі, залалы тиген, көңіл-күйіңізді қатты бұзған кезі болды ма?

– Бірде Жазушылар одағында жастар ісі жөніндегі хатшы болып еңбек етіп жүргеніме өзім құралпы жастармен бірігіп, «Мәдениет экологиясы» атты жиналыс өткізбек болдым, өткіздім де, бірақ көп келергі, қысымға ұшырадым. Үлкен ағаларым: «Өз атыңды шығару үшін екінші Желтоқсан жасайын деп жүрсің! Жазушылар одағына КГБ-ны қаптаптың!» деп қатты ұрысты. Іліп қойған Жәнібековтің ұрымыды жұлып тастай берді. Абырой болғанда, шетелге кеткен іссапарынан бастығымыз Олжас аға келіп қалып, мені қолдап жіберді. «Жастарды Одаққа кіргізбесек, көшеге кетіп, жиналыс ашады, екінші Желтоқсан сонда болады. Рұқсат берейік, Одаққа өткізіңіз!» деді.

Енді бірде «Жазықсыз ағалар жадымызды» атты үлкен басқосу өткіздік. Бұл Алаш арыстарынан ақтау жиналысы еді. Екі жиынымның екеуі де Одақтың мәжіліс залында өтті. Бұл жолы да Олжас аға жол ашып берді. Жиналысымызды бастап беруге келіскен Әлжаппар Әбішев ақсақал келмей қалып, алқалы жиынды Сафуан Шаймерденов

ағамыз ашты. Адам өте көп жиналды. Әлі ақталмаған Алаш арыстарының балалары, ұрпақтары қатысты. Қаншама шындық айтылды. Деректер мен айғақтар ортаға салынды. Осы жиналыстың соңында Ахмет Байтұрсынұловтың бір сирек суреті қолды болып, қызы шырылдап іздегені есімде. Бір ғалым-жазушы ағамыз 70 жыл жарық көргенге суретке қатты қызығып, қағып кетті.

Бұл да болса Одақтың тарихы.

– Қазіргі таңда әдеби ортаның, әдебиеттің хал-ахуалы қалай?

– Бір заманда Жазушылар одағында неміс, корей әдебиетінің бөлімдері де болған, қазір ол тілдерде жазатын еңшік қалмады. Могицаның соңғы тұжырымдай Герольд Бельгер, Пак Ир, Хан Дин сияқты ағалар кеткен соң бөлімдер де жабылды. Қазір орыс және ұйғыр әдебиеттерінің бөлімшелері жемісті жұмыс істеп келеді.

Қазақ әдебиетінде өшпес іздері қалған, ғасыр ауысқанмен де, ғұмырын таусысқанмен де, шығармалары өлмеген жазушыларды және бүгінгі көзі тірі, мың жасағыр қаламдас ағалар мен апаларды, үзегіңлес қатар жүрген қанаттастарды шығармашылық кезеңдеріне қарай бұныларды мен тоқсандарына қарай бөліп, есімдерін топтап атап шығайын, егер қалып қойғандар болса, кейін толықтыра жатармыз деп ойлап едім. Бірақ тізіміміз өзі әлденеше бетке созылып кеткен соң, ол райымнан қайттым. Тек әдебиеттегі кең танылған кезеңдерді ғана санамаппан өттім.

Абай бабамыздың кең құпиясына бір мезгілде жамырай шыққан жиырмамыншы ғасыр басындағы «Алаш арыстары» мен «Алыптар тобы», жауынгер жазушылардың ақсауытынан шыққандай «Майдаңгер қаламгерлер», өткен ғасырдың алысының жылдары әдебиетке келген «Жылымық жемістері», бұлардың ішінде аттары аңызға айналған «Торт-бес таппал» да, «Жеті жетім» де бар. Одан бергі «Соғыстан соң туғандар», «Тың жылы туған тулуктер», «Алтын көпірліктер», т.б. атаулардың бәрі дерлік әдеби ортаға белгілі.

Бірде «Қазақ әдебиеті» газетінде ілездемеде отырғанымызда бастығымыз Шерхан Мұртазаның телефоны «шыр» ете қалды. Қонырау соққан бірінші хатшы Олжас Сүлейменов екен. Шерағаң онымен сөйлесіп болған соң: «Мына Шымбұлақта бір Совет Одағының батыры, қазақ жігіті демалып жүр дейді, әскери истребительдің сынаушы-ұшықшысы екен. Соны барып жазып, суретке түсіріп келіңдер!» дейді. Жүсіпбек Қорғасбеков пен Сайлау Пернебаев желдеп барып, жазып қайтты. Ол беймәлім батыр жігіт Тоқтар Әубәкіров екен. Тоқтар ағаның «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші бетіне келісті суреті мен көлемді сұхбаты жарияланған соң Елбасының көзіне шалынып, аяғында қарыштап бір-ақ шықты. Міне, бұл – «Қазақ әдебиеті» газетіне қатысты тарих.

1993 жылы Оралхан Бөкеев «Қазақ әдебиеті» газетіне астананың Ақмолаға көшіру және оның перспективалары туралы зерттеу мақалаларын жариялады. Және бұл мақалалары әжептәуір резонанс туғызды. Мен Орекеннен: «Мұны қайда шығардыңыз?» деп сұрап ем, «Президенттің тобымен Жезказғанға барып едім, Нүрекеннің астананы түбінде Арқаға көшіру туралы көкейіндегі ойды түсініп қалдым да шұғыл жаздым» деді.

Кейін елордада жұмыс істеп жүргенде сол кездегі қала басшыларының біріне: «Астананы Ақмолаға көшіру жөнінде ең бірінші болып мәселе көтеріп,

мақала жазған Оралхан Бөкеевке көше берсе, дұрыс болар еді» деп едім, бетіме таңдана қарап:

– Сізге неше көше керек? Оралхан Бөкейхановқа жақында ғана көше берген жоқпыз ба? – деді. Әлгі қала басшысы Әліхан мен Оралханды шатастырып тұр. Аузыма сөз түспей қалды. Сөйтіп, Оралхан Бөкейге Н



Қызылорда облысы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №13418 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын оқу орындары бойынша орналастыру осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.М.Шаменовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Г. Әбілкалықова
2021 жылғы «__» _____ № _____	Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының атауы	Мамандық коды	Мамандық атауы	9-сынып базасында (орын саны)	11-сынып базасында (орын саны)	Жан басына шаққандағы нормативке сәйкес бір мамандық даярлаудың құны	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
1	2	3	4	5	6	7
Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	4S01120102	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі	35	-	464,6	
	5AB01120101	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бақылаушы	-	27	464,6	
	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	-	-	-	
	4S01140101	Бастауыш білім беру мұғалімі	37	-	464,6	
	01140200	Музыкалық білім беру	-	-	-	
	4S01140201	Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі	20	-	464,6	
	01140300	Көркем еңбек	-	-	-	
	4S01140301	Көркем еңбек мұғалімі	19	-	464,6	
	01140400	Өзін-өзі тану	-	-	-	
	4S01140401	Бастауыш және негізгі орта білім берудің өзін-өзі тану мұғалімі	20	-	464,6	
	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	-	-	-	
	4S01140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	10	-	464,6	
	4S01140503	Спорт жаттықтырушысы - оқытушы	-	8	464,6	
	01140600	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әлеуетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	-	-	-	
	4S01140601	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	27	-	464,6	
	4S01140602	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	28	-	464,6	
	4S01140605	Шетел тілі мұғалімі	58	-	464,6	
	01140700	Информатика	-	-	-	
	4S01140701	Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі	22	-	464,6	
	02120300	Өнеркәсіп өнімдерінің дизайны*	-	-	-	
	4S02120304	Өнеркәсіп өнімдерінің дизайнері	15	-	464,6	
	02150700	Хореографиялық өнері	-	-	-	
	4S02150702	Би ансамблінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	7	-	502,6	
	06120200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері*	-	-	-	
	4S06120202	Ақпараттық қауіпсіздік техникі	25	-	516,7	
	Барлығы		323	35	-	
Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	02150100	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	4S02150101	Концертмейстер, балалар музыка мектебінің оқытушысы	2	-	502,6	
	4S02150102	Оркестр әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	19	-	502,6	
	4S02150103	Халық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы	25	6	502,6	
	02150300	Вокалдық өнер	-	-	-	
	4S02150301	Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	11	-	502,6	
	4S02150302	Джастүрті ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы	4	-	502,6	
	02150400	Хорды дирижлеу	-	-	-	
	4S02150401	Хормейстер, оқытушы	10	-	502,6	
	02150700	Хореографиялық өнері	-	-	-	
	4S02150702	Би ансамблінің әртісі	3	-	502,6	
	Барлығы		74	6	-	
Қызылорда облысының білім басқармасының «И.Өбдікерімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	04130200	Логистика (салалар бойынша)	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	4S04130202	Экспедитор	15	-	470,5	
	05320100	Геологиялық суретке түсіру, пайдалы қазба кен орындарын іздеу мен барлау (түрлері бойынша)	-	-	-	
	4S05320103	Техник-геолог	25	-	502,6	
	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	-	-	-	
	4S07130103	Техник-электрик	25	-	502,6	
	07130300	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	-	-	-	
	4S07130303	Техник-энергетик	25	-	502,6	
	07160500	Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	-	-	-	
	4S07160503	Техник-электромеханик	20	-	502,6	
	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	-	-	-	
	4S07130103	Техник-электрик	-	23	502,6	
	07140500	Сандық техника (түрлері бойынша)	-	-	-	
	4S07140504	Техник-электронщик	-	19	470,5	
	07140700	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	-	-	-	
	4S07140703	Техник-электромеханик	-	20	502,6	
	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	-	-	-	
	4S07161304	Техник-механик	-	20	548,7	
	07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	-	-	-	
	4S07161604	Техник-механик	-	15	516,7	
	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	-	-	-	
	4S07321202	Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техникі	-	17	548,7	
	07321400	Гидротехникалық мелиорация	-	-	-	
	4S07321402	Гидромелиоратор-техник	-	15	548,7	
	08110100	Агрономия*	-	-	-	
	4S08110103	Агроном	-	24	516,7	

	08410100	Ветеринария*	-	-	-			
	4S08410105	Ветеринарлық фельдшер	-	20	516,7			
	Барлығы		110	173	-			
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	09110100	Стоматология	-	-	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы		
	4S09110102	Дантист	24	-	502,6			
	09120100	Емдеу ісі	-	-	-			
	4S09120101	Фельдшер	60	-	502,6			
	09130100	Мейіргер ісі	-	-	-			
	4S09130103	Жалпы практикадағы мейіргер	-	42	502,6			
	5AB09130101	Мейіргер ісінің қолданбалы бақылаушы	-	63	502,6			
	09130200	Акушерлік іс	-	-	-			
	4S09130201	Акушер	-	21	502,6			
	09140100	Лабораториялық диагностика	-	-	-			
4S09140101	Медициналық зертханашы	22	-	502,6				
09160100	Фармация	-	-	-				
4S09160101	Фармацевт	-	20	502,6				
	Барлығы		106	146	-			
Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жалағаш Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	-	-	-	Қызылорда облысының дене шынықтыру басқармасы		
	4S01140503	Спорт жаттықтырушысы - оқытушы	-	20	464,6			
	Барлығы		-	20	-			
Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал көпсалалы колледжі» коммуналдық қазыналық кәсіпорны	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы		
	3W07161301	Автомобиль жөндеу слесарі	19	-	548,7			
	07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	-	-	-			
	3W07161602	Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері	20	-	516,7			
	3W07161603	Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі	20	-	516,7			
	07161700	Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу*	-	-	-			
	3W07161701	Механикаландырылған фермалар мен мал өсіру кешенінің операторы	15	-	516,7			
	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-			
	3W07320102	Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері	25	-	548,7			
	08110300	Жеміс-жөніс шаруашылығы*	-	-	-			
	3W08110304	Жеміс өсіруші	20	-	516,7			
	06120200	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері*	-	-	-			
	4S06120202	Ақпараттық қауіпсіздік техникі	-	15	516,7			
	Қызылорда облысының білім басқармасының «Арал индустриалды -техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Барлығы		119	15		-	Қызылорда облысының білім басқармасы
07150500		Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	-	-	-			
3W07150501		Электрғазымен дәнекерлеуші	20	-	470,5			
07210900		Балық өндірісі*	-	-	-			
4S07210902		Техник-технолог	24	-	516,7			
07230100		Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	-	-	-			
3W07230102		Арнайы тігінші	20	-	502,6			
07320100		Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-			
3W07320104		Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	30	-	548,7			
07130700		Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)*	-	-	-			
4S07130704	Техник-электромеханик	-	18	502,6				
	Барлығы		94	18	-			
Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы көпсалалы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы		
	3W07130102	Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)	17	-	502,6			
	07140700	Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару	-	-	-			
	3W07140702	Сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғыларына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер	20	-	502,6			
	4S07140703	Техник-электромеханик	-	13	502,6			
	07150300	Токарлық іс (түрлері бойынша)*	-	-	-			
	3W07150302	Фрезерлеуші	20	-	502,6			
	07160500	Темір жолдың жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету	-	-	-			
	3W07160502	Локомотивті жөндеу жөніндегі слесарі (түрлері бойынша)	20	-	502,6			
	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-			
	3W07320102	Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері	20	-	548,7			
	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	-	-	-			
	3W07321201	Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі	17	-	548,7			
		Барлығы		114	13		-	
	Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	-	-		-	Қызылорда облысының білім басқармасы
		3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	20	-		470,5	
		07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	-	-		-	
3W07161303		Автомобиль көлігін жөндеу шебері	24	-	548,7			
07161600		Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	-	-	-			
3W07161602		Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері	20	-	516,7			
3W07161603		Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі	15	-	516,7			
06120200		Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері*	-	-	-			
4S06120202		Ақпараттық қауіпсіздік техникі	-	14	516,7			
08410100		Ветеринария*	-	-	-			
3W08410103		Ветеринарлық санитар	20	-	516,7			
4S08410105	Ветеринарлық фельдшер	-	12	516,7				
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру*	-	-	-				
4S10130303	Технолог	17	-	548,7				
Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Барлығы		116	26	-	Қызылорда облысының білім басқармасы		
	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	-	-	-			
	3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	25	-	502,6			
	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	-	-	-			
	3W07230102	Арнайы тігінші	16	-	502,6			
	Барлығы		41	0	-			
Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш индустриалдық колледжі» коммуналдық қазыналық кәсіпорны	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы		
	3W07130101	Электромонтер (түрлері және салалары бойынша)	20	-	502,6			
	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	-	-	-			
	3W07150501	Электрғазымен дәнекерлеуші	20	-	470,5			
	07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру*	-	-	-			



Қызылорда облысы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы						
«Академик С.А. Джиенкулов атындағы Байқоңыр колледжі» білім беру мекемесі	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	3W07320105	Құрылыс-эрлеу жұмыстарының шебері	30	-	548,7	
	07140500	Сандық техника (турлері бойынша)	-	-	-	
	4S07140504	Техник-электронщик	-	20	470,5	
	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету-жөндеу және пайдалану*	-	-	-	
«Болашақ университетінің жоғары кәсіптік» мекемесі	4S07161304	Техник-механик	-	20	548,7	Қызылорда облысының білім басқармасы
	Барлығы		30	40	-	
	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	-	-	-	
	4S01140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	10	-	464,6	
	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (турлері бойынша)*	-	-	-	
«Болашақ жоғары медициналық колледжі» мекемесі	4S06130105	Апкарттық жүйелер техникі	6	8	470,5	Қызылорда облысының білім басқармасы
	Барлығы		16	8	-	
	09110100	Стоматология	-	-	-	
	4S09110102	Дантист	2	-	502,6	
	09120100	Емдеуісі	-	-	-	
«Орта» жоғары медициналық колледжі» мекемесі	4S09120101	Фелдшер	5	-	502,6	Қызылорда облысының білім басқармасы
	09140100	Лабораториялық диагностика	-	-	-	
	4S09140101	Медициналық зертханашы	3	-	502,6	
	09130100	Мейіргер ісі	-	-	-	
	4S09130103	Жалпы практикада мейіргер	-	8	502,6	
«Орта» жоғары медициналық колледжі» мекемесі	5AB09130101	Мейіргер ісінің қолайлы бакалавры	-	12	502,6	Қызылорда облысының білім басқармасы
	09130200	Акушерлік іс	-	-	-	
	4S09130201	Акушер	-	4	502,6	
	09160100	Фармация	-	-	-	
	4S09160101	Фармацевт	-	5	502,6	
«Орта» жоғары медициналық колледжі» мекемесі	Барлығы		10	29	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	-	-	-	
	4S01140101	Бастауыш білім беру мұғалімі	15	-	464,6	
	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	-	-	-	
	4S01140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	21	-	464,6	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (турлері бойынша)*	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	4S06130105	Апкарттық жүйелер техникі	18	17	470,5	
	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	-	-	-	
	3W07130201	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	19	-	502,6	
	4S07130202	Техник-электрик	15	-	502,6	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	3W07161301	Автомобиль жөндеу слесарі	23	-	548,7	
	3W07161302	Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик	25	-	548,7	
	4S07161304	Техник-механик	-	4	548,7	
	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	30	-	548,7	Қызылорда облысының білім басқармасы
	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	-	-	-	
	4S07321202	Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техникі	-	8	548,7	
	Барлығы		166	29	-	
	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	-	-	-	
«Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжі» мекемесі	4S01140501	Дене тәрбиесі мұғалімі	9	-	464,6	Қызылорда облысының білім басқармасы
	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	-	-	-	
	3W07130201	Электр монтаждаушы (салалар бойынша)	15	-	502,6	
	4S07130202	Техник-электрик	13	-	502,6	
	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	-	-	-	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	4S07161304	Техник-механик	-	12	548,7	Қызылорда облысының білім басқармасы
	08110100	Агрономия*	-	-	-	
	4S08110103	Агроном	-	6	516,7	
	Барлығы		37	18	-	
	07220100	Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын оңдау	-	-	-	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	4S07220104	Металл-пластик өнімдерін жасау және монтаждау шебері	25	-	502,6	Қызылорда облысының білім басқармасы
	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	-	-	-	
	4S07230107	Техник-технолог	19	-	502,6	
	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	-	-	-	
	3W07321201	Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі	25	-	548,7	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	10320200	Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)	-	-	-	Қызылорда облысының білім басқармасы
	3W10320201	Құтқарушы	20	-	548,7	
	Барлығы		89	0	-	
	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	-	-	-	
	3W07230102	Арнайы тігінші	25	-	502,6	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	3W07230104	Киім конструкторы	25	-	502,6	Қызылорда облысының білім басқармасы
	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-	
	3W07320104	Кен бейінді құрылыс жұмыстарының шебері	30	-	548,7	
	4S07320106	Техник-құрылысшы	-	20	548,7	
	10320200	Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)	-	-	-	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	3W10320201	Құтқарушы	20	-	548,7	Қызылорда облысының білім басқармасы
	Барлығы		100	20	-	
	05220100	Экология және табиғатты қорғау қызметі (турілері бойынша)	-	-	-	
	4S05220102	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың техникі	15	-	470,5	
	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*	-	-	-	
«Ақмешіт колледжі» білім беру мекемесі	3W07320105	Құрылыс-эрлеу жұмыстарының шебері	32	-	548,7	Қызылорда облысының білім басқармасы
	Барлығы		47	-	-	
	Жиынтығы		2413	695	-	
			3108	-	-	

Ескерту: * ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.

ДЕНСАУЛЫҚ

Емханаға тіркелдіңіз бе?

Республика көлемінде 15 қыркүйектен бастап дәстүрлі медициналық-санитариялық көмек ұйымдарын еркін таңдау науқаны жүріп жатыр. Бұл науқан қараша айының ортасына дейін жалғаспақ. Бүгінде облыс бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау субъектілерінің деректер база-сында 21 емхана тіркелген. Оның 62 проценті – мемлекеттік болса, 38 проценті – жекеменшік. Тұрғындар үшін тіркеу науқаны мен емхананы еркін таңдау мүмкіндігі консультациялық-диагностикалық қызметтерге, ауруханаларда емделуге және кез келген жоспарлы медициналық қызметтерді пайдалануға құқық береді.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

– Науқанның басты мақсаты – халыққа қызмет көрсететін медициналық ұйым жұмысының тиімді әрі сапалы болуын қамтамасыз ету. Егер медициналық ұйымның қызметі қанағаттандырмаған жағдайда тұрғындарға таңдау құқығы беріледі. Өткен жылы емханаларда тіркеу науқанының қорытындысы бойынша өңірдің екі мыңнан аса тұрғыны БМСҚ ұйымын еркін таңдау қызметін пайдаланды. Олардың көпшілігі өтініш беру арқылы тіркелсе, қалған азаматтар egov.kz порталы арқылы оңлайн қызметті таңдаған. Сондай-ақ, азаматтар емхананы еркін таңдау құқығын пайдаланбаған болса, кәзіргі кезде тіркеліп тұрған БМСҚ ұйымында қала береді, – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымына үш тәсіл арқылы тіркелуге болады. Олар – тікелей таңдалған медициналық ұйымға жүгіну арқылы және электронды үкімет порталы көмегімен оңлайн түрде тіркелу. Сондай-ақ, халыққа қызмет көрсету орталықтарында өтініш беруге мүмкіндік қарастырылған. Тіркеу науқаны емхананы ауыстырудың жалғыз мүмкіндігі емес. Бұл рәсімді жылына бір рет еркін таңдау құқығын жасауға болады.

– Егер азамат тұрғылықты жерін, жұмыс пен оқу орнын ауыс-

тырған жағдайда да емхананы қайта таңдауға құқылы. Азаматтардың кейбір жекелеген санаттары тікелей емханаға бекітіле алады. Ол үшін еркін нысандағы өтініш пен жеке басты куәландыратын құжатты қоса беру қажет. Ол санаттарға зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жан-дар, заң бойынша тағайындалған қорғанышшылар немесе қамқоршылар, сондай-ақ патронат тәрбиешілер мен басқа да азаматтар жатады. Жыл сайынғы бекіту науқанын өткізуге жауапкершілік аумақтық денсаулық сақтау басқармаларына жүктелген,– деді Бақыт Торғайбайұлы.

Айта кететін нәрсе, тұрғын МӘМС жүйесінде сақтандырылмаса да, емханаға тіркеле алады, бірақ әрі қарай жоспарлы медициналық көмек алу үшін сақтандырылуы тиіс.

Бүгінде емхананы еркін таңдау құқығын облыс көлемінде 1000-ға жуық тұрғын пайдаланды. Жұырда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалы БАҚ өкілдері үшін арнайы баспасөз турын ұйымдастырып, жеке және мемлекеттік емханалардағы тіркеу науқанының барысымен танысқан болатыныбыз.

Науқан мүмкіндігін пайдаланушылардың бірі – Қызылорда қаласының тұрғыны Нұршат Ахметова. Ол №6 емханаға тіркелді.

– Мұнда тұрмысқа шыққанға дейін қаралдым. Көсібі мамандар қызметі ұнайды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)

Хабарландыру

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында байқау кенесінің мүшесі лауазымына орнала-суға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күн-тізбелік күн ішінде.

Конкурс өткізу орны: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27, 2-этаж, 207-кабинет, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты.

Орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефонның көрсете отырып, кәсіпорынның атауы: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 27. Тел: 23-52-94; факс: 23-53-14. Эл.пошта: onkolog_kzo@mail.ru

Негізгі қызмет түрі: Облыс халқына мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талап-тардың бірінін:

1. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (не-месе) экономика/қаржы және (не-месе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (не-месе) экономика/қаржы және (не-месе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжіри-бесінің;

3. Денсаулық сақтау және (неме-се) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: Кон-курсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжат-тардың тізбесі:

1. Конкурсқа қатысу туралы өті-ніш (еркін нысанда жазылған);

2. Мемлекеттік және орыс тіл-деріндегі түйіндеме;

3. Өмірбаян (еркін нысанда жа-зылған);

4. Үміткердің жеке басын куә-ландыратын құжаттың көшірмесі;

5. Жоғары білімі туралы құжат-тың көшірмесі;

6. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек ко-дексінің 35-бабына сәйкес жұмыс-кердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық ста-тистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кә-сібі деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінім-нің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөр-лейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверт-тер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетіл-ген мекенжай бойынша тиісті сала-дағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) « мемлекеттік кәсіпорынның байқау кенесі мүшелерінің конкурсы» және « дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) де-ген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақ-паратта көрсетілген мекенжай бо-йынша жіберіледі.

Конкурстық комиссия конкур-стық өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде үміткер ұсынған құжат-тарды қарайды және үміткердің талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

Конкурстық комиссия жүргі-зілген бағалаудың нәтижелері бой-ынша әңгімелесу күнін, уақытын және ол өткізілетін жерді көрсете отырып, шақыру жіберілетін, талап-тарға сәйкес келетін үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Құжаттарды қабылдау баста-латын күн: осы хабарландыруды мерзімді басылымда жариялаған күн.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының конкурстық комиссиясы

жүйесінде сақтандырылғандықтан тіркеу барысында ешқандай кедергі болған жоқ, – дейді ол.

Жалпы, бүгінде №6 қалалық емхана 69246 тұрғынға қызмет көрсетеді. Көпшілігі БМСҚ көрсететін медициналық ұйымына өтініш беру арқылы тіркелсе, қалған азаматтар оңлайн қызметті таңдаған (egov.kz порталы арқылы) немесе ХКҚО-ға өтінішпен жүгінеді. Басты шарт – МӘМС жү-йесінде сақтандырылуыңыз керек.

«Іnterteasch» клиникасына тіркел-гісі келетіндер де аз емес. Науқан басталғалы бері бір ай ішінде 600-ге жуық адам тіркелген. Клиника 2019 жылдан бастап бастапқы меди-циналық-санитарлық көмек көрсе-теді.

Біздің жұмыс беруші «Петро-Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясы ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде клини-камен келісім-шарт жасасты. Сондай-ақ, мұнда бүкіл отбасымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында медициналық қызметтер аламыз. Бұл өте ыңғайлы. Кезек жоқ, барлық қажетті маман-дар, диагностикалық қызметтер бар және шұғыл медициналық көмек жақсы жолға қойылған, – дейді қала тұрғыны Айдар Оразаев.

Кезекші редактор **Айсәуле ҚАРАПАЕВА**